

М.І.Әбдуов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

Ақиқатты жырлаған ақындар мұрасы

Мақалада ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында аты шыққан өздерінің жалынды жырларымен ақиқатты әшкерелеген ақындардың бір топ шоғыры туралы айтылды. Олар Дия, Сарынжіп, Бабас, Тәшен тәрізді керемет тұлғалар еді. Халықтың айта алмаған ащы зарын жырлаған ақындардың мұралары талданды. Мақала авторы тарихи мәліметтер мен жазба мұрағат деректеріне сүйене отырып, аталған ақындар өмір сүрген кезеңін, қайтыс болған уақытын, артында қалдырған мұра-қазынасы мен шығармашылық шеберлігін, сол кезеңдерде болған тарихи оқиғаларды сипаттайды.

Кілт сөздер: тарихи деректер, өлең, жыр, толғау, арнау, ақын, халық зары, шығарма, туынды, қолжазба, мұра.

ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында халық өте ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Жиырма сегізінші жылғы тәркілеу, отыз екінші жылғы аштық, отыз жетінші жылғы нәубат талай тұлғаларды жоқ етті. Бұл көпке мәлім жағдайлар. Міне, осындай кезеңде келеңсіз көріністер мен аяусыз әрекеттерді өздерінің жалынды жырларымен әшкерелеген ақындардың бір топ шоғыры шықты. Солардың бел ортасында Дия, Сарынжіп, Бабас, Тәшен тәрізді керемет тұлғалар болды. Олардың алдына қойған мақсаттары халықтың айта алмаған ащы зарын жария ету еді. Бірақ шырылдап шыққан шындықтың ғұмыры ұзаққа бармады. Енді сондай ақындардың мұраларына да мүмкіндігінше тоқталып көрелік.

Мұхаммедия Ақметұлы (1871–1931). Ақын өзінің «Кәрілік» деп аталатын толғауында:

*Дәулет деген құс екен қонған жалқы,
Алланың бергені сол, дәл сол қалты.
Жиырма жетіншінің перуай марты,
Қонжидым жас беліне елу алты [1], —*

деп айтады. Яғни, 1927 жылы елу алты жаста болған деп осы өлеңнің негізіне сүйенсек, ақын 1871 жылы туған болып шығады. Бала кезінде ауыл молдасынан сауат ашып, кейін медреседе оқыған. Стамбул қаласына барып білім алған деген де ел аузында әңгімелер бар. Шыққан тегі — Қаракесектің ішінде Керней — Түйте — Жарылғап. Жарылғаптың Жәнібек деген баласынан Бексейіт, Хансейіт, Төресейіт, Мырзасейіт, Ақсейіт, Байсейіт, Есенсейіт атты жеті ұл дүниеге келеді. Соның Ақсейітінен — Ахмет, ал Ахметтен Шыбан, Мұхамедия, Мұқай есімді үш бала туған. Мұхамедия кейінірек Меккеге қажылыққа барып, көпшілік ақынды Дия Қажы деп атап кетеді. Дияның тілі өткір, табан астында сөз тауып айтуға шебер, сауатты бола тұрса да өлеңдерін суырып салу арқылы шығарған. Ескей, Қасым, Ілияс тәрізді көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Дияның орнығып отырып қаламын ұштап өлең жазған кезі сирек болса керек. Көпшілігінде көз алдына көрінген жағымсыз жағдайларға қарап, айтып, айтып тастаған да бұрылып жүре берген. Өзі өте алғыр, тез аңдағыш, сезгіш адам болыпты. Қажылыққа барып келген соң ел ішінде балаларды сүннеттеп, қайтыс болған адамдардың намазын шығарған кездері де болыпты. Замандасы Бабас деген ақын әрі қалжың ретінде, әрі шындыққа жанастыра отырып:

*Тамаша бір жан көрдім,
Темірқазық жағынан.
Мінезі гайып болжаусыз,
Жазды күнгі сағымнан.
Көкжал қасқыр мұрынды,
Жолы болғыш ырымды.
Қаралы үй кез болса,
Қажымын деп ұрынды.
Үйде отырып болжайды,
Қытай менен Қырымды.
Бетіңе қарап біледі,
Ішіңдегі сырынды.*

*Алғанына тоймайтын,
Бұл не деген жырынды [2; 317], —*

деп Дияның алғыр ақын екендігін анықтап айтқан. Дия өлеңдерінің басты бағыты озбыр қоғамның обыр жендеттерінен ел азаматтарын аман алып қалу мақсатында, тұспалдап, астарлап, шебер тілмен олардың әрекетін әшкерелеу болып келген. Мәселен, Қаракесек руының танымалы азаматы Сейілхан Досмақов ауданға бірінші хатшы болып тағайындалғанда былай деп оның келешегінің күңгірт екенін жеткізеді.

*Сейілханым, нән жуаным,
Әкең Қажы — Досмақ.
Қазыбегім — асыл тегім,
Сенен кедей шошымақ [2; 321].*

Бұл жерде «кедей» деп шаруасы төмен адамдарды айтып отырған жоқ, кедейлер өкіметі деп шенеуніктер мен билікті мезеп тұр. Табан астында сөз табар шеберлігін мына бір әңгімеден де байқауға болады. 1927 жылы Дия Қажы ұсталып Қарқаралыға әкетіліп бара жатқанда, атақты Адамбайдың Топатайының Әбенін астыртын келісім жасап, болыс сайлауға бара жатқан уәкіл Еспаев Омарға кезігеді. Омар аласа бойлы, қара түсті беті жылтыр адам екен. Сәлем алысқан сәтте ақын бірден:

*Еспаев Омар,
Қара томар,
Бетіңнің бедері жоқ шыбын қонар,
Байды сайлап,
Майды шайнап,
Артыңа салып жүрме ұзын сонар [2; 319], —*

деп айтып салады. Үлкендердің айтуы бойынша, Сейілхан Досмақов та, Омар Еспаев та «халық жауы» деген атақ тағылып, 1937 жылы атылыпты. Тергеуден кейін өзіне үкім шығарғалы отырған сотқа да қаймықпай қатты айтады. Оның әділетсіз шешімдерді ақ, қарасын айырмай айтатынын бетіне басады.

*Адамның қуысың,
Қан қатқан уысың,
Жақсылық дұшпаның,
Жамандық туысың, —*

дегенде сот «көк соққан төбет» деп балағаттапты. Дия болса ілі-шала:

*Шайтандай шаптыққан,
Албасты аптыққан,
Әкесін төбет деп,
Шешесін қаншық деп
Жасынан жаттыққан [3; 311], —*

деп тайсалмай сөз семсерін қадай түседі. Әрине, мұндай елге сыйлы өнерпаздардың өлеңдері сол кездегі саясатқа қарсы келді. Сондықтан олардың көзін жою — міндет. Елдің, ақындардың қарсылықтарын андаған қызылдар үкіметі оларды абақтыға жаба бастады. Бірде Оқа мен Бабас жабылғанда, Дия олардың көңіл-күйін бір көтеріп қайтайын деп абақтыға келеді, кездеседі. Сонда Оқаға қарап былай депті:

*Қалай екен гепеуің,
Кетіпті зой кетеуің,
Елге маза бермеуші ең
Бабас пенен екеуің?*

Бабас жалт қарап Дияға:

*Мұның өзі Түйте ме?
Түйте болса бүйте ме? [3; 315]6 —*

деген екен. Өйткені Дия Кернейдің Түйте деген атасынан тарайды.

Ақынның өлеңдерінің қай-қайсысында болмасын негізгі өзегі заман келбеті, ел басына түскен ауыртпалықтарды қабырғасы қайыса отырып, жырлайды. Кей тұстарда «іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» деген ызаны да аңғаруға болады. Ақынның алдымен айтары дұшпан көбейіп, достық азайғаны. Мысалы, «Халыққа» деген арнауында:

*Көбейді дұшпан,
Кеудені қысқан,
Азайды достар,
Жаулар көп.
Білмеген елге,
Көрмеген жерге,
Әкім болды сырттан кеп [3; 313], —*

деп толғайды. Бұл жерде айта кететін мәселе, ақынның айтқандарын халық сезбей, білмей отырған жоқ. Бірақ ашық айтуға батылдары жетпейді. Дияның қаймықпай сөйлеуіне қарағанда оны көпшілік қатты құрметтеген, ал ол сол көпке арқа сүйеп, халықтың көкейіндегі ойын тап басып жырлаған. Дияның бір озық қыры — өжеттілігі. Сол кезеңде Әбіш, Түсетай, Оқа, Бабас, тәрізді өжет ақындардың тобы болған. Олар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өз өмірлерінен халықтың мүддесін жоғары қойып, ашына жыр төккен. Дия да солардың бел ортасында болды. Халқына арқа сүйеген айбарлы ақын, кімге де болмасын қыр көрсете сөйлеген.

Түйіндей келгенде айтарымыз, Дия қажының әдеби мұрасы сол кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайының айнасы. Бүркеншек заманның бедерлі бетін бүкпесіз жырлаған ақын, әрі мәнді, әрі дәмді шығармаларын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған тәрізді.

Ақын 1931 жылы «халық жауы» деген айып тағылып, Үлкен көлде атылған.

Тәшен Исаұлы (1870–1932). Әлтеке Тәшен ақын, ел арасында айтылған шағын деректерге қарағанда, орта шаруалы отбасынан шыққан. Тәшен от ауызды, орақ тілді, суырып салып тақпақтай сөйлейтін, ұшқыр ақын болыпты. Жасынан тілдің тақсиретін тартқан ақын өмірінің көбін жапсарлас Кәрсен-Керней жерінде өткізеді. Ақын өлеңдерінің өзі туған ортасына толықтай жетіп, кең көлемде таралмауына осы мекен себеп болса керек. Жамантай, Құсбек төрелермен дәмдес, табақтас адам болған. Бір жиында отырғанда ол кісі былай депті:

*Мен Тәшен ақынмын,
Ақындықтан Кемпірбайға жақынмын,
Шешендіктен Жанқұттыға жуықпын,
Талай ділмарларды сөзбен буыппын [4; 341].*

Осыдан он шақты жыл бұрын қайтыс болған Медетбек ақсақал Тәшен ақын туралы көптеген естеліктер айтқан. Сол естеліктердің бірі Нұралы деген кісі болыс болып тұрған кезде Әлтеке-Сарым елінен жер дауын Тәшен ақын былай деп шешеді:

*Таласты екі ру шағын жерге,
Дауласты түскенінше қара терге,
Бұл жайдың төрелігін мен айтайын,
Тыңдағын, уа халайық маған бер де! [4; 347]*

Тоғанның бір басы менікі, бір басы сенікі болсын депті. Жәмші ауылдың тұрғыны Тиышбаев Хасен ақсақал Тәшен ақынмен туыстық жақындығын ескертіп, оның шығармаларынан жинақтаған жазбаларының бар екенін айтқан еді.

Тоқырауынның киелі топырағында өткен дүлділдердің қатарына Тәшен атты тағы бір шок жұлдыздың жарқырай жанып, ұрпақ мақтанышына айналар есімінің ел жадында сақталары анық. Кәрсон елінің айтулы азаматы Боранқұл 52 жасында тосын ауырып дүние салады. Дәмен молдаға ере барған Тәшен Боранқұлдың інісі Райымқұлға көңіл айтып, қайғысын басу мақсатында «Райымқұлға көңіл айту» деп аталатын шағын толғауын шығарған. Бұл толғау Аймағанбетұлы Мұхаметжан мен Сүлейменұлы Ысқақ қариялардан жазылып алынған. Толғау көлемі шағын болғанымен, ақынның тектілігін, тапқырлығын, қиыннан қиыстырып төселген сөз шебері екенін танытатын дүние. Әлтеке Есболай алты ағайынды. Әкесі — Иса. Исаның үлкен баласы — Тәшен. Тәшеннің баласы — Қайыркұл 1941–1945 жылы соғыста қайтыс болған. Қайыркұлдың үш баласы бар. Екеуі Балқашта, біреуі Ақтоғайда. Тағы бір нұсқасы Тәшен ақын Балқаш қаласында 1932 жылы ауырып қайтыс болған. Зираты — Балқаш қаласында. Жәмші бойында Әлтеке–Машақ болыстың тұсында өмір сүрген. Мәйке болыспен құрдас болған. Жәмші бойында өмір сүріп, он үш жасынан өлең жазып ел аузына тараған. Жаппай тәркілеуге шығарған өлеңдері үшін қуғындалған. Тәшен ақынның қуғындалуына себепкер болған жағдай оның шығармаларында кәмпескеге наразылық білдірген өлеңдерінің туындауы. Ақынның сол кезде аңғарған бір жағдайы, тәркілеуге алынған мал мүліктің ортаға түспей із түзсіз жоғалып кетуі. Алысты болжағыш ақынға бұл жағдай Қазақстан байлығын ысырапқа салғандай болып көрінеді. Ақын 1937 жылға ілікпей қайтыс болған еді. Егер іліккенде ол

да Диялар тәрізді жазаға ұшырар ма еді? Кенес үкіметі тұсында ол кісілердің өлеңдері шықпаған. Соның бір өлеңі Хасен ақсақалдың аузынан жазылып алынған.

*Жинаған мүлік, айдаған мал құлан болды,
Ағайынға айтқан сөзің ылаң болды.
Дос пенен туысқандар қарсы шығып,
Бәрі де қарашұбар жылан болды.
Қарағай қайың менен қайсақ болды,
Түлкідей түлегендер қарсақ болды.
Жүгіріп біреу дауға, біреу шуға,
Таба алмай ешбір айла шаршап болды [4; 349].*

Теңіз тамшыдан құралатынын ескертіп, әлі де болса көненің көзі жоғалмай тұрғанда Тәшен сияқты дарындарымыз жөнінде іздестіріп, мұраларын жинастырған жөн дер едік.

Сарынжіп Әзбергенұлы (1872–1835). Сарынжіп ақын Қарқаралы уезіне қарасты Мойынты болысында дүниеге келген. Шыққан тегі Қаракесек, Кәрсон — Аралбай. Әкесі Әзберген деген кісі әлеуетті, дәулетті адам болыпты. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, үш әйел алған. Көпке дейін ұлы болмай алты қыздан кейін жетінші болып Сарынжіп өмірге келген көрінеді. Жалғыз ұл болғандықтан, көз, тіл тимесін деген ырыммен бес жасқа дейін ел көзінен жасырып өсіріпті. Алғашқы ауыл молласынан оқып, хат таныған ол, жас кезінен-ақ өнерге әуес болып, өз жанынан өлең шығарумен айналыса бастайды. Шығармаларын ауызша да, жазып та шығарған.

Ақынның алғашқы жырлары жеңіл әзілге, қалжыңға құрылған. Мұндай туындылар көптің көңілін көтеруге, езілген елдің еңсесін жазуға айрықша ықпал жасаған.

*Елтірден бөрік киіпсің,
Жаныңа жігіт жиыпсың.
Бос мақтауға мәз болып,
Теріңе зорға сыйыпсың [5; 391].*

Немесе

*Сөзіңнің дәмі жоқ,
Ойыңның мәні жоқ.
Ішіңе сыртың сай
Киіміңнің сәні жоқ [5; 391].*

Мұндай шағын қайырымнан тұратын туындылар арнайы жазып шығарылмаған табан астында тауып айтылған, яғни, ауызша шығарылған. Мұнан туындайтын ой, ақын өз өлеңдерін жазып қана шығармаған, ауызша да туғызған, суырыпсалмалық дәстүрді жалғастырушы болған.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде ел ішінде аласапыран заман туған еді. Бала-шаға қалын ойлап, әркім өз басымен әлек болып ауыртпалық түскен шақта жансауғалап Арқа өңірінен көптеген отбасы Жамбылға, Шуға, Қаратау өлкесіне қарай қоныс аударады. Елінен аттанып бара жатқан ақын өзінің «Сарыарқамен қоштасу» толғауын шығарады. Газеттерде, жинақтарда жарияланып жүргені ақынның осы туындысы. Оның өзі бір жарияланымда «Қоштасу», келесі бірінде «Сарыарқа» деген атпен берілген. Көнекөз қариялар бұл толғау туралы айтқанда: «Сарынжіптің Сарыарқамен қоштасуын айтшы!» — деп отыратын. Осыны негізге ала отырып, ақынның бұл шығармасын біз «Сарыарқамен қоштасу» деп атадық.

Толғаудың алғашқы жолдарынан-ақ біз туған жерге деген қимастық сезімді байқаймыз.

*Қолыма Биссіміллә деп алдым қалам,
Жаныма жәрдем берсін хақ Тағалам.
Көргенше қайта айналып, кім бар, кім жоқ,
Кетейін амандасып, Арқа, саған [5; 397].*

Осыдан кейін барып Сарыарқаның әрбір түп жусанына дейін суреттей отырып оны өзінің ыстық ықыласымен сабақтастыра жырлайды. Тілдің шеберлігі сондай, әдемі әлемді естіген адамның көз алдына әкеледі.

*Сарыарқа қалды-ау кейін жайлаулары,
Еті бал, суы шүйгін, суы дәрі.
Қарақат қымыздығын қызыға жеп,
Тойынған бүлдіргенге балалары [5; 398].*

Толғаудың тағы бір маңызды жері ақынның маңайымен қай өңірге барып қоныстанғандығынан хабар береді.

*Арқаның қош, аман бол, бұлақтары,
Жайқалған жағасында құрақтары.
Сәлемде бізді іздеген азаматқа,
Ел алды Шуга барып тұрақтады [5; 399].*

Оңтүстік өңірге қоныс аудару мәселесі XIX ғасырда да болған. Мұның барлығы елді аман алып қалудың амалдары. Сол тәсілге сай 1919–1920 жылдары да мекен ауыстыру әдісін қолданған. Оның себебін толғаудың түйінінде ақынның өзі ашып береді.

*Сарыарқа кейін қалдың кербетеге,
Бұл жақта бала туып, ер жете ме?
Төрт бұрышын төңіректің орыс алды,
Болмаса мекенінен ел кете ме? [5; 387]*

Ақын бұл толғауын жазып шығарған тәрізді. Себебі, тілі, стилі, ұйқас мәнері, ырғағы жазба әдебиетке тән жүйелілікті, бірізділікті танытып тұр. Ауыз әдебиетіне тән өрнектер мен иірімдер аз.

Сарынжіптің әзіл өлеңдері шығарғандығын жерге, елге деген ықыласын айқындайтын толғаулар туғызғандығын жоғарыда айттық. Халық ақындарына тән тағы да бір ерекшелік — өмір, заман, дүние туралы философиялық мәні бар шығармалар шығаруы. Осындай ой туғызар туындылар Сарынжіпте де бар.

*Бұл күнде ғалымдардан насық озды,
Жағалы жақсылардан жасық озды.
Шашасына шаң жұқпас жүйріктерді
Жарыста шабан бесті басып озды [6; 389].*

Бұл ақынның көзқарасымен алынған сол кездегі заман келбеті. Мұндай мағынадағы өлең жолдары XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақында да бар.

*Бұрынғы семіз арықтап,
Кенелі болған замана.
Бұрынғы арық семіріп,
Денелі болған замана [7; 67].*

Ой жағынан үйлесіп тұр. Бірақ әр ақынның суреттеу мәнері, иірімі, көңіліндегісін тұспалдап жеткізуі әр түрлі, яғни, қайталау емес, үндестік. Сондай-ақ ел басына төніп келе жатқан ауыртпалықты да шебер тілмен жеткізе білген. 1928 жылғы кәмпескені, 1932 жылғы аштықты, 1937 жылғы сұрапылды, 1941–1945 жылдардағы соғысты алдын ала айрықша бір сезімталдықпен аңғарып, халықты содан сақтануға шақырады.

*Келеді күн жауғалы, бұлт сайланып,
Шешеннен озды сақау тіл байланып,
Тұлпардан мәстек озып бәйге алғаны,
Дүниенің кеткені зой теріс айналып [6; 390].*

Аумалы-төкпелі заманның айқын көрінісі. Ақынды алаңдататын заман ағымы ғана емес, өз ағайындарының бір-біріне дұшпанкөз болуы, сенімсіздіктің белең алуы, қайырымсыздықтың қанат жаюы.

*Ақкөңіл адам едім арқам жауыр,
Ішімде бір өкпе жоқ, бәрі бауыр.
Дұшпанның найзаменен шанышқанынан,
Досымның инеменен түрткені ауыр [7; 390].*

Толғаудың түйіні — жақсы көрсең қалма, жамандарға барма. Ақымаққа қанша айтсаң да, ақыл қонбайды. Сарынжіп фольклордағы айтыстың ерекше түрін, атап айтқанда, қайым айтыстың дамуына да үлес қосқан. Әрине, айтыстарының барлығы бірдей, бүгінгі таңға жеткен жоқ. Десек те, замандас ақындардың арасындағы сөз сайыстарының болатындығы көнеден келе жатқан дәстүр. Мәселен, Нарманбеттің, Әбіштің, Түсетайдың, Жуасбайдың бір-бірімен алмакөзек айтысуы соның дәлелі.

*Мұның өзі Түйте ме?
Түйте болса, бүйте ме? —*

деген Бабасқа Дия қажыда орғытып өлеңмен түйрей тиіскен. Осы Бабас Сарынжіпті де айтысқа шақырған. Өзі дәулетті, жасы алпысты алқымдаса да жас келіншекке үйленген Бабас:

*Сарынжіп саған өлең жараса ма?
Ақындар айтыс көрсе таласа ма? —*

дегенде Сарынжіп іліп әкетіп:

*Қалың тоғай ішінде бәйтерек ең,
Биіктен неге түстің аласаға [6; 401], —*

дейді. Яғни, Бабасты өзгелерден озық ақынға балай отырып, неліктен ағайындарға соқтығасын дегенді мегзейді. Бабас болса айтысқысы келетіндігін:

*Қадірлі қатар жүрген замандас ең,
Айтысып бір батайық тамашаға, —*

деп сездіреді. Айтыстан бастарту — ақынға мін, айтысу — сын. Сондықтан:

*Атың шыққан ақылды аға едің,
Жүйрік ат шабысыннан адаса ма? —*

деп іле жауап қайтарады.

Бабас:

*Екі бүктеп жіберсем екпіндетіп,
Дия келіп түсеме арашаға?*

Сарынжіп:

*Алтыстағы ағамыз шаршағанда,
Жас жеңгеміз біздерге қараса ма?*

Бабас:

*Жидекем айтты алпыс ат үйір бермес,
Бойда қайрат болған соң санаса ма?*

Сарынжіп:

*Асау байтал байлапсың белбеуіңе,
Мініп кетіп жүрмесін бала-шаға! [6; 401].*

Дәл осы тектес айтыс Бабас пен Дияның арасында да бар. Соған қарағанда үш ақынның сөз сайысы бір мезгілде өткен тәрізді. Айтыстарынан байқайтынымыз, Сарынжіптің әрі тапқыр, әрі өткір, шебер тілді ақын болғандығы.

Сарынжіп Әзбергенұлы 63 жасында, көнекөз қариялардың айтуы бойынша, 1935 жылдың наурыз айында Мойынсеріктің алғашқы ұйымдасқан жері Қаражартаста қайтыс болған. Өзі кетсе де, өлеңі қалды, көзі кетсе де, сөзі қалды. Сондықтан шығармашылығын тереңдете зерттеу келелі міндеттердің бірі болмақ.

Жуасбай Тасболатұлы (1864–1928). Ел басына түскен ауыртпалықты ашына жырлаған айбынды ақындардың бірі — Жуасбай Қарқаралы уезіне қарасты Ақшатау болысының оныншы ауылында дүниеге келіп, байлардың кәмпескесі басталған жылы қайтыс болыпты. Үлкен баласы Сейітжан Қарқаралыда білім алып, Мойынты ауылында мұғалімдік қызметті атқарған. Кіші ұлы Төлеужан 1942 жылы соғыста қаза тапқан. Әкесінен жастай айырылып, жетім қалған Жуасбай өзінің жүрегіндегі мұңы мен зарын өлең арқылы жұртқа жайған. Бала кезінде молладан мұсылманша хат таныған ол кейінірек Қарқаралыға барып оқып білімін көтереді. Белгілі бір деңгейде орыс тілін де білген деген әңгіме ел ішінде айтылады. Әділдігімен, шешендігімен билік те құрған, ел сенімін ақтай білген. Ауыздан ауызға ауысып жеткен әңгімелердің бірінде былай дейді.

Отарлау саясаты толық жүзеге асқаннан кейін старшындық пен болыстық ауқымда, аға сұлтандық пен ояздық деңгейде жылына екі рет арнайы мәжіліс өтетін болған. Оны съезд деп атап, оған жүргізіп отыратын төбе би сайлайды екен. Бірде Ақмола, Қарқаралы бойынша съезд болатын болып, өтетін жерін Айғыржалға бекітеді. Төбе билікке ұсынатын адамды Қуандық Әмірбектен сұрағанда ол құдасы Қояныштағай Ақтайға ұйғарым жасайды. Ақтай болса әрі білікті, ел жағдайын жақсы білетін Жуасбай ақынға ұсынады. Нармамбет ақын Жуасбайдың төбе би сайланғанын естіп, астарлы тілмен:

*Ассалаумағалейкум, Жуасеке?
Нағашы, қайын жұртпен Сіз бір меке,
Ел жайлы есендікті сұрап білдік
Әркімнің тіршілігі жеке-жеке.
Танаға тамашалап отырыпсың
Азырақ ауыз дәмін алсақ екен.
Бір тананы алыпсың өліп-талып,
Бұл балта ел болмайды ерікті алып.
Есің барда Жуас-ау ерте сақтан
Біреу алып кетпесін жыға салып [8; 214], —*

деп төбе билігін тана деп жасырып келтіріп, ескерте, сақтандыра ой тастайды. Өзіл-қалжыңмен астарлы айтылған жыр жолдарының мәнін бірден аңғарған Жуасбай Нарекене былай деп жауап қайтарыпты:

*Менде бар деп естіңсіз жалғыз тана,
Адал жанға әр кезде Аллам пана.
Сіз де мінген жоқпысыз ана жылы,
Жығылып па едіңіз қасақана? [8; 218].*

Нарманбет болыс болып тұрған шағында, бір сайлауда, Омаштың Тілеші сайланып кетіп, тасы аз болғандықтан, Наракең өтпей қалғаны бар екен. Жуасбайдың астарлап отырғаны осы жағдай.

Ақынның сауатты, білімді болғандығын айтыстың жазба түрін жүргізгендігінен де аңғарамыз. Ел аузындағы әңгімеде Нарманбет пен Жуасбай хат арқылы да сөз жарыстырыпты.

*Білесіз арғы атамыз Мейрам соны,
Сенің атаң Мейрамнан шыққан шоқы.
Қыз үшін алты ай ағаң жалға жүрген,
Алуға жетпеген соң есепшоты.*

Бұған Жуасбай да хатпен жауап қайырады.

*Нарманның біздің елге жетті хаты,
Өрнектеп сыртында тұр жазған аты.
Мойбоз деп бұл Тобықты ат қоспап па ед,
Бұл сөздің не боп шықты арғы заты [8; 219].*

Өлең астарының мәнісі мынада. Бір аста атжарыс болып, Тобықты елінің ішіне келіп жатқан бір орыс қонақ та өзінің атын қосады. Жүйрік аты озып келе жатқанда орыс айқайлап, «мой боз» десе керек, Тобықты жігіттері бұл сөзді орыстың ұраны екен деп қонағын қолпаштап, жабыла «мой боз» деп айқайға басты. Жуасбай осы оқиғаны тіліне тиек етіп айтып отыр.

Айта кететін бір жағдай, Жуасбай айтыстарында сол заманның суреті, халықтың тыныс-тіршілігі, ел ішінің жай-күйі, көптің басына түскен ауыртпалықтар ерекше көрінеді, шебер тілмен жеткізіледі. Нарманбетпен арасындағы жазба айтысқа назар аударсақ, біраз мәселенің өзегін аңғаруға болады. Мәселен, Жуасбай:

*Бәрекелді, біліңсіз тауып теңін,
Біреуден біреу байқар артық-кемін.
Астына ат, қазанына ас салған,
Адамның көргенім жоқ іші кеңін [8; 221], —*

дегенде, елдің ішер астың өзіне де зәру болуға жақын жағдайда екендігін амалдап жеткізіп отырғанын көреміз. Қолында бар қазақ баласы әркез — жомарт. Ал, жоқ болса несін береді? Бұған Нарманбет:

*Оятқанмен тұрмайды өлген кісі,
Дәл сондай нағашымның биыл түсі.
Талаптан тарыққандай түңіледі,
Қайтейін амалым жоқ ездің ісі [8; 222], —*

деп жауап қайырады. Жүзін өлген адамның түсіндей деп Нарманбет Жуасбайды айтып отырған жоқ, елдің әл-ауқатының ішкі күйінен хабар беріп отыр. Жуасбай — жинақталған бейне. Елде іздену бар, бірақ әзірге бос әурешілік болып тұр. Амал ездің ісі тәрізді. Бірақ бұған Жуасбай наразы. Көптің меселін қайтаруға болмайды, ақынның міндеті — шыңдау, шынықтыру. Сондықтан да, ол:

*Жиен-ау, не қылғаның ез дегенің,
Азғырып, бүлдірмек пе көздегенің,
Мазамды алып, маған кеп соқтыққаның,
Жуастың жұдырығын сезбегенің! [8; 223] —*

деп жұмбақтайды. Мұндағы соңғы жол Нарманбетке арналмаған, отарлау саясатына бағытталған. Айтыстың маңызы да осында жатыр.

Кеңес дәуірі кезіндегі саясатқа қайшы келетін туындыларының бірі — «Қазағым» деген өлеңі. Негізгі мазмұны сынар жақ саясаттың салдарынан беті қайтып, түңілген жұртты бірлікке үндеу, кең байтақ жерінен айырылып қалмауды ескерту.

*Сүйемін қазақ сені сүймесең де,
Қайғырам халімді ойлап білмесең де.
Өзіңмен бірге болам, өзгермеймін,*

*Алаңдап, ертеңді ойлап жүрмесең де,
Елдігің де мәз емес ерлесең де,
Еңбегің де еш кетті терлесең де.
Сүйегім, қаным қазақ болғандықтан,
Қызады қаны құрғыр көрмесем де [8; 227].*

Мұндай жолдар ол кездегі талап-тәртіпке қай қырынан алып қараса да үйлеспейтін еді. Жандайшаптар соңына шырақ алып түседі, маза таптырмайды. Сөйтсе де ақын мойымайды, қайта қайсарланып, қаламын ұштай түседі.

*Ертіс пен Еділ, Жайық, Сыр менен Шу,
Арасын бес өзеннің бірдей жайлап,
Айқасқан бабаларым басын байлап,
Шайқасып кәпірлермен қару сайлап [8; 228], —*

деп осыншама ұланғайыр даланың оңайшылықпен қолға түспегендігін атшына отырып айтады, айырылып қалмайық деген ойын жеткізеді. Міне, осы туындылары оның шығармаларының жарыққа шығуына, жинақталуына кедергі болды. Нәтижесінде көптеген мұралары ұмыт болды. «Саудагер», «Бай мен кедей», «Есенгелді-Саржан» тәрізді дастандарды өмірге әкелген Жуасбайдың мұраларынан үзік-үзік тұстары ғана ел аузында сақталып қалды.

Жуасбайдың атын атау, оның өміршең өлеңдері, артында қалдырған мұра-қазынасы, шығармашылық шеберлігі жайлы жинақтап мақала жазу бүгінгі тәуелсіз ел болып, салт-дәстүріміз, дініміз, тіліміз қайтып оралған жариялалық тұсында ғана мүмкін болып отыр.

Жуаскеңмен айтысында Нарекең өзінің жиен екенін айта келіп былай дейді:

*Мен өзім білесің зой қайдан шықтым,
Нағашым Балта, Түйте — «Екі темір».
Шаң жұқтырмас Шаңменен Дадан шықтым,
Қажымас Қараболат таудан шықтым [8; 230], —*

деп мақтанады. Нарекең Жуаскеңнің асқан шебер ақын екенін мойындаған. Бірін-бірі бағалай білген қатарлас ақын болған.

Таланттар қашанда халық ортасында. Абзал ақын азды-көпті халқы үшін қызмет еткен. Би болып, әділ билік айту да әркімнің қолынан келе бермесе керек. Ақын би болумен бірге жасынан өлең жазған, суырып салма ақын. Бір өкініштісі, оның шығармалары баспасөз бетінде жарияланбаған. Қолжазбалары да табылмай отыр. Алдағы уақытта әлі де болса қолжазбаларын іздестіру — парызымыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Фольклор шындығы. — Алматы: Ғылым, 1990. — 4-б.
- 2 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. — Алматы: Ғылым, 1984.
- 3 Далгат У.Б. Литература и фольклор. — М.: Наука, 1981.
- 4 Ысмайылов Е. Ақындар. — Алматы: ҚМКӘБ, 1956.
- 5 Қазақ эпосы. — Алматы, 1958.
- 6 Жеке қолжазбалар қорынан. — 7-б.
- 7 Дияның өлеңдері / Ақадыр таңы. — 1992. — 31 қазан.
- 8 Ақын-жыраулар. — Алматы: Жазушы, 1979.

М.И.Абдуов

Наследие акынов-вольнодумцев

В статье рассмотрено творчество акынов 20–30-годов XX века, прославившихся своими смелыми жырами о действительности. Это были такие личности, как Дия, Сарынжип, Бабас, Ташен и другие. Автор статьи, опираясь на исторические факты и архивные материалы, описал исторические события того времени, а также поэтическое наследие и творческое мастерство названных выше акынов.

M.I.Abduov

Heritage of akyns freethinkers

In article it is told about the akyns of 20–30 of the XX century who have become famous for the courageous facts about reality. It were such persons, as Diya, Sarynzhip, Babas, Tashen and others. The poetic heritage of the called Kazakh akyns is analyzed. The author of article, leaning on historic facts and archival materials, describes historical events of that time, and also their poetic heritage and creative skill.

References

- 1 *Truth of folklore*, Almaty: Gylym, 1990, p. 4.
- 2 Kaskabasov S. *National prose of Kazakhs*, Alma-Ata: Gylym, 1984.
- 3 Dalgat U.B. *Literatura and folklore*, Moscow: Nauka, 1981.
- 4 Ysmayylov E. *Akyns*, Alma-Ata: Kazakh state publ., 1956.
- 5 *Kazakh epos*, Alma-Ata, 1958.
- 6 *From fund of manuscripts*, p. 7.
- 7 *Akadyr Tany*, 1992, Oct. 31.
- 8 *Akyny-zhyrau*, Almaty: Zhazushy, 1979.

ӘОЖ 82(091)= 943

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Түркі филологиясының атасы Махмұт Қашқари және оның дүниеде теңдесі жоқ «Диуани лұғат ат-түрк» атты мұрасы

Мақалада он бірінші ғасырда өмір сүрген ғұлама филолог, түркі тілдерінің тұңғыш сөздігін құрастырушы, энциклопедист-ғалым Махмұт Қашқаридың өмірі мен шығармашылығы зерттелген. Оның өзінің ұлы мұрасы «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігін жазып, түркі тілдерінің мәртебесін көтергеніне ерекше баға берілген. «Түркі сөздігі» тек тіл білімінің мәселелеріне арналмаған, ол ғылымның көптеген салаларынан хабардар ететін сан салалы еңбек болып табылатыны сипатталған. Қашқари еңбегін кең көлемде зерттеген атақты ғалымдардың пікірлеріне көңіл бөлінген. «Диуани лұғат ат-түрк» тек түркілердің ғана емес, тұтас ислам мәдениетінің қазынасы деген қорытынды жасалған. Болашақта ұлы ғалымның тағылымын жас ұрпақтың бойына дарытып, түркі халықтарының өзара ынтықмақтасуына жол ашу керектігі дәлелденген.

Кілт сөздер: түркі тілі, ғалым, мұра, өмірбаяны, зерттеу, шығыстанушы, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, тұлға, ерекшеліктер, сөздер.

Kipicne

Түркі тілінің тұңғыш оқулығын әзірлеп, грамматикасын түзеген, түбі бір түркі халықтары тіл өнерінің өрісін мәңгілікке кеңейтіп, өркенін өсірген, түркі тілдерінің диалектологиясының, лексикологиясы мен грамматикасының негізін қалап, тіл білімі тарихында салыстырмалы тарихи әдісті тұңғыш рет қолданған ғұлама ғалым Махмұт (кейбір деректерде Махмұд, Махмуд деп жазылып жүр) Қашқари, толық аты-жөні Махмұт (Махмұд) ибн Әл-Құсайын ибн Мұхаммед, XI ғасырдағы атақты ортаазиялық филологтардың бірі болып саналады.

М.Қашқари Қарахандар ақсүйектері ортасынан шыққан. Әкесі Құсайын Мұхаммед Мәуренахрды жаулаушы Боғырханның немересі екен. Барыс ханның уәзірі болып (Ыстықкөлдің оңтүстік жағасы), кейіннен Қашқарға қоныс аударады. Махмұт сол жерде сауат ашып, әрі қарай білімін Бұхара мен Нишапурде жалғастырады. Осы қалаларда оқып жүрген кезінде тіл, фольклор,